

Электр тартылымдарды жалпақ сымдармен МОНТАЖДАУ



Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың, сондай-ақ өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметтік және қосымша бөлмелерінің жарықтандырулық желілерінде жалпақ сымдармен жүргізілетін электр тартымдар пайдаланылады. Жалпақ сымдарды төсеу ашық түрде де, жасырын түрде де жүргізіледі. Төсеу әдісі қабырғалардың материалдарына, сымның оқшауламасына, бөлгіш негіздерінің көлеміне байланысты болады.




Жабық



Ашық





Ашық электр тартым беті сыланған, не бетіне тұсқағаз жапсырылған жанбайтын материалдан дайындалған не ағаш қабырғалар мен қалқа қабырғалардың үстімен жүргізілуі мүмкін. Бұл тәсілде электр тартым жол арнасы жоба бойынша бөлмелердің архитектуралық сызықтарына параллель белгіленеді. Сонда соң қажетті бекіту бөлшектері орнатылады. Сым бөлменің ішкі төбесінен 100...200 мм қашықтықта тартылады. Ағаш қабырғаның бетімен жүргізілетін сымның астына ұзына бойына қалыңдығы 3 мм асбест төселінеді. Асбест сымның екі жағынан кем дегенде 5 мм шығып тұруы керек. Арнайы АППР маркалы жалпақ сымды шығырларға бекітіп жүргізгенде қосымша изоляция керек емес.




Жалпак сымдарды жабық тарту үшін жобаның жұмыс сызықтары бойынша жоларна белгіленеді, электр аппараттры мен аспаптарының орнатылатын орындары анықталады. Жанбайтын материалдан дайындалған қабырғалар мен қалқа қабырғаларда сым беті сыланған жырақшаларда не ылғалды сылақтың астында, не құрғақ сылықтың астындағы алебастырдің ішінде, не қалыңдығы 3мм асбест астында жүргізіледі. Жалпық сымдар ағаш қабылғаларда және құрғақ, не ылғалдық сылақтанған қалқа қабылғаларда олардың бетіндегі алебастр ерітіндісінің, не асбестің үстімен ылғалды сылақтың астында тартылады. Жабық электр тартымды құрғақ сылақтың астында да жүргізуге болады. Бұл жағдайда сымның астына және үстіне алебастр ерітіндісі жағылады не екі қабат асбест төселінеді.

Жалпақ сымдарды көбінесе шегемен бекітеді. Бөлгіш негіздері бар сымдарды әр 200-250 мм аралықта қағады. Ашық тартылған жалпақ сымдар құрылыстық құралмаларға шегелермен, пластмасса қапсырмалармен, желімен бекітіледі. Жабық жүргізілген жалпақ сымдарды бекітуге алебастр ерітіндісі, пластмасса қапсырмалар, мақта тілімдер пайдаланылады.

Жалпақ сымды жанбайтын материалдан дайындалған жабындардың аралықтарындағы саңылауда қуыс плиталардың каналдарында, не плитаға жағылған алебастр, не цемент ерітіндісінің ішінде, не сылақта жасалынған жырақшаларда жүргізуге болады. Жанатын материалдан дайындалған, сылақ жағылған жабындарда жалпақ сымды сылақтың астында қалыңдығы 5 мм алебастр ерітіндісінің не асбестің үстінде тартуға болады. Параллель тартылған сымдардың ара қашықтығы 3...5 мм болуы керек

Егер жалпақ сымдар қатар өтсе, онда олар түйіспеуі керек. Олар түйіскен жағдайда оның біреуін қосымша 3-4 қабат оқшаулау керек. Егерде сымды майыстыру керек болса, екі тармақтың арасын тесу керек және талсымды бөлек шығару керек.

Алюминий сымдарын қосу ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Себебі оған жоғары қысым келсе оның түйіспелері нашарлайды. Сымдарды қыспадан шығып кетпеу үшін, бұрандалар арқылы түйіспелер жалғанады. Сымның бұралып жасалған басына жұлдызша кигізіледі. Ол сымның жан-жаққа ыдырап кетуден сақтайды.



Сығымдау сым тармақтарын қосудың тиімді тәсілі болып табылады. Сығымдау металл гильзалар және пресс қармауыштардың көмегімен жүзеге асады. Қазіргі уақытта өндірістен ПК-3VI пресс қармауыштар шығарылуда. Сонымен қатар, гидравликалық ГKM қармауыштары кеңінен қолданылуда.



Ескерт у

Жалпақ сымдарды қопарылыс қаупі бар, химиялық активті орталы және ерекше дымқыл үй-жайларда, сондай-ақ балалар бақшаларында, ауруханаларда, мектептерде, сахналарда, ойын-суық көретін залдарда ағаш құралмалардың бетімен тікелей ашық және жабық жүргізуге болмайды. Сондай-ақ, өрт қаупі бар үй-жайларда және шатырларда жалпақ сымды ашық тартуға рұқсат етілмейді.

Жалпақ сымдарды жарықтандырғыштардың ішімен тартып, электр торабына қосуға пайдалануға болмайды.

Айналаны қоршаған ортаның температурасы 150 С-тен төмен жағдайларда жалпақ сымдарды монтаждау жұмыстарын орындауға болмайды.

**Назарларыңызға
Рахмет!!!**